LG

Холодильник SXS

Инструкция по эксплуатации

Перед включением холодильника
внимательно прочитайте данную
инструкцию и всегда держите ее под рукой

SXS ТОҢАЗЫТҚЫШЫ

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Жұмыс істетер алдында осы нұсқаулықты
толық оқып шығып, келешекте пайдалану үшін
сақтап қоюыңыз сұралады.

Мазмұны

Кіріспе

Кіріспе 31
Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды нұсқау 31
Бөлшектердің атаулары 32

Орнату

Орнатылатын жер 33
Есікті шығарып алу 34
Есікті ауыстыру 35
Қорек су құбырын жүргізу 35
Биіктікті реттеу 36

Жұмыс істету

Бастау 37
Температуралар мен функцияларды реттеу 37
Қалпына келтіру орталығы (Тек кейбір моделдерге қолданылады) 42
Сөре (Тек кейбір моделдерге қолданылады) 43
Шарап бөтелкесін ұстағыш (Тек кейбір моделдерге қолданылады) 43
Жұмыртқа қорабы (Тек кейбір моделдерге қолданылады) 43
Көкөніс сақтайтын бөлімдегі ылғалдылықты реттеу 44
Көкөніс немесе ет сақтайтын бөлімге айналдыру (Тек кейбір моделдерге қолданылады) 44
Иіссіздендіргіш (Тек кейбір моделдерге қолданылады) 44
Көпфункциялы камера температурасына көшу бұрышы (тек қана кейбір модельдерде болады) 45
Көпфункциялы камера (тек қана кейбір модельдерде болады) 45
Көпфункциялы камера (тек қана кейбір модельдерде болады) 45

Азық-түлікті сақтау жөніндегі ұсыныстар

Азық-түліктердің орналасуы 46
Азық-түліктерді сақтау 47

Күтім және қызмет көрсету

Бөлшектеу 48
Жалпы мәліметтер 50
Тазалау 50
Ақаулықтарды тауып, жөндеу 51
ПАНЕЛДІ ауыстырған кезде……. 56

Кіріспе

Моделі және сериялық номерін осы құрылғының тоңазытқыш камерасының ішкі жағынан немесе артқы жағынан табасыз. Бұл сандар тек осы құрылғыға ғана қолданылады. Қажетті ақпаратты осы жерге жазып, осы нұсқаулықты сатып алғаныңыздың тұрақты жазбасы ретінде сақтап қойғаныңыз жөн. Түбіртекті осы жерге бекітіңіз.

Сатып алынған күні : _____

Сатып алынған дилер : _____

Дилердің мекен-жайы : _____

Дилердің телефон № : _____

Модель № : _____

Сериялық № : _____

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды нұсқау

Пайдаланылар алдында осы тоңазытқыш тиісті түрде орнатылып, осы құжаттағы орнату жөніндегі нұсқауларға сәйкес орналастырылуы тиіс.

Еш уақытта тоңазытқышты қорек сымынан тартып ток көзінен ажыратушы болмаңыз. Әрдайым ашаны мықтап ұстап, розеткадан тіке суырып алыңыз.

Құрылғыны қабырғадан алыс жылжытқан кезде қорек сымы жаншылмауын немесе кез келген жолмен зақымданбауын қадағалаңыз.

Тоңазытқыш іске қосылғаннан кейін мұздатқыш камерасындағы суық беттерді, әсіресе ылғалды немесе сулы қолмен тимеңіз. Бұл аса суық беттерге теріңіз жабысып қалуы мүмкін.

Тазалау немесе басқа да қажеттіліктер үшін қорек ашасын розеткадан ажыратыңыз. Оған сулы қолмен тимеңіз, өйткені сізді ток соғуы немесе зақымдауы мүмкін.

Қорек сымын еш уақытта зақымдап, өңдеп, қатты иіп, суырушы немесе бұраушы болмаңыз, өйткені қорек сымының зақымдануынан өрт туындауы немесе ток соғуы мүмкін. Құрылғының жерге дұрыс қосылғанына сенімді емессіз.

Шыны бұйымдарды мұздатқышқа қоймаңыз, өйткені олардың ішіндегілер қатқан кезде кеңею салдарынан сынып кетуі мүмкін.

Қолдарыңызды еш уақытта автоматты мұз генераторының мұз сақтағышының ішінде ұстамаңыз. Автоматты мұз генераторының жұмыс істеуінен зақым алуыңыз мүмкін

Құрылғыны жас балаларғ немесе ә кісілерге бақ пайдалануға болмайды.

Жас балалардың құрылғымен ойнамауын қамтамасыз ету үшін оларды бақылау астында ұстаған жөн.

Қалпына келтіру орталығының үстіне ешкімді шығарып, отырғызып, тұрғызбаңыз немесе асылдырмаңыз. Бұл әрекеттер тоңазытқышқа зақым келтіруі және тіпті оны аударып, қатты дене жарақатын келтіруі мүмкін.

Ұзартқыш сым пайдаланбаңыз

Егер мүмкін болса, тоңазытқыштың және басқа құрылғылардың немесе үйдегі жарықтардың электрмен қамсыздандырудың үзілуіне себепші болатын шамадан тыс жүктемесін болдырмас үшін оның өзінің жеке электр көзіне жалғаңыз.

Қорек ашасының қол жетерлігі

Тоңазытқыш-мұздатқыш төтенше жағдай орын алғанда ток көзінен тез ажырату үшін қорек ашасына қол жеткізу мүмкін болатындай етіп орналастырылуы тиіс.

Қорек ашасын ауыстыру

Егер қорек ашасы зақымданған болса, кауіптен аман болу үшін оны дайындаушы немесе оның қызмет көрсетуші агенті немесе сол сияқты біліктілігі бар тұлға ауыстыруы тиіс.

⚠Сақтандыру

Қорек сымының түрін өзгертуші немесе узындығын узартушы болмаңыз.

• Бұл электр шогын немесе өрт тудыруы мүмкін.



Балалардың қамалып қалуынан сақтандыру

АБАЙЛАҢЫЗ: Балалардың қамалып қалу қаупі бар.
Ескі тоңазытқышты немесе мұздатқышты лақтырып тастамастан бұрын:
Балалар ішіне оңайлықпен кірмесі үшін есіктерін шығарып тастап, бірақ сөрелерін орнында қалдырыңыз.
Құрылғыны жас балаларға немесе әлсіз кісілерге бақылаусыз пайдалануға болмайды.
Жас балалардың құрылғымен ойнамауын қамтамасыз ету үшін оларды бақылау астында ұстаған жөн.


Сақтамаңыз Сақтандыру

Осы немесе кез келген басқа құрылғыға жақын жерде бензин немесе басқа отқа қауіпті булар мен сұйықтықтарды сақтамаңыз.

Жерге қосу Сақтандыру

Қысқаша тұйықталу орын алған жағдайда жерге қосу электр тогының қосалқы сымын қамтамасыз ету арқылы ток соғу қаупін азайтады.
Болуы мүмкін ток соғу қаупін болдырмас үшін осы құрылғы жерге қосылуы тиіс Жерге қосу ашасын дұрыс пайдаланбау салдарынан ток соғуы мүмкін. Егер жерге қосу жөніндегі нұсқаулар толық түсінікті болмаса немесе сіз құрылғының жерге дұрыс қосылғанына күмәніңіз бар болса, білікті электрикпен немесе қызмет көрсетуші тұлғамен кеңесіңіз.

Бөлшектердің атаулары



ЕСКЕРТУ

- Егер сіздің құрылғыда болмайтын кейбір бөлшектерді тауып алсаңыз, олар тек басқа моделдерде пайдаланылатын бөлшектер болуы мүмкін. (мысалы,“Қалпына келтіру орталығы” барлық моделдерге енгізілмеген)

Орнатылатын жер

Жақсы орын таңдап алыңыз

1. Құрылғыны пайдалануға оңай болатын жерге орнатыңыз.
2. Құрылғыны жылу, тікелей күн сәулесі немесе ылғал көздеріне жақын орналастырмаңыз.
3. Тоңазытқыш-мұздатқыштың ішіндегі ауа дұрыс айналуын қамтамасыз ету үшін оның екі жағынан, сондай-ақ үстіңгі жағынан жеткілікті ашық жер және артқы жағынан қабырғаға дейін кемінде 2 дюйм (5 см) ашық жер қалдырыңыз.
4. Дірілдерді болдырмау үшін құрылғы теңгерілуі тиіс.
5. Құрылғыны 5°C төмен орнатпаңыз. Бұл жұмыс істеуге әсерін тигізуі мүмкін.




Ескі құрылғыны іске асыру

Бұл құрылғының ішінде сұйық (салқындатқыш, майлағыш) заттар бар және қайта пайдалануға және/немесе қайта өңдеуге болатын бөлшектер мен материалдардан жасалған.

Бұл құрылғының ішінде сұйық (салқындатқыш, майлағыш) заттар бар және қайта пайдалануға және/немесе қайта өңдеуге болатын бөлшектер мен материалдардан жасалған.

Есікті шығарып алу

⚠ Сақтандыру



Ток соғу қаупі бар
Орнатар алдында тоңазытқышты ток көзінен ажыратып алыңыз.
Олай болмаған жағдайда өлімге немесе қатты жарақаттануға әкеліп соғуы мүмкін.
Егер кіретін есік тоңазытқышты өткізу үшін тым тар болса, тоңазытқыштың есігін шығарып алыңыз да, тоңазытқышты бір қырымен кіргізіңіз.


Төменгі қақпақты, сосын қорек су түтігін шығарып алыңыз

Төменгі қақпақты жоғары көтеріп шығарып алыңыз да, содан кейін қорек су түтігін оң жақтағы суретте көрсетілген жерден басып тұрып ① суырып алыңыз.

ЕСКЕРТУ
- Егер түтік деформацияға ұшыраған немесе желінген болса, сол бөлігін кесіп тастаңыз.

Мұздатқыш камерасының есігін шығарып алыңыз

1) Бұрандаларды босатып, топса қақпағын шығарып алыңыз. Жерге қосу желісінен басқа жалғау сымдарының барлығын ажыратыңыз.



2) Ұстағышты сағат тіліне кері бағытта (①) бұрап, сосын үстіңгі топсаны жоғары көтеріп (②) шығарып алыңыз.



ЕСКЕРТУ
- Үстіңгі топсаны шығарып алған кезде есіктің алдыға қарай құлап кетпеуіне мұқият болыңыз.


3) Мұздатқыш камерасының есігін жоғары қарай көтеріп шығарып алыңыз. Бұл жолы есікті қорек су түтігі толығымен суырылуына жеткілікті етіп көтерген жөн.




ЕСКЕРТУ
- Тоңазытқыш камерасының есігін кіретін есіктен өтіп бара жатып жылжытып, жерге жатқызыңыз, бірақ қорек су түтігінің зақымданбауына мұқият болыңыз.

Тоңазытқыш есігін шығарып алыңыз

1) Топса қақпағының бұрандаларын босатып, қақпақты шығарып алыңыз. Егер бар болса, жерге қосу желісінен басқа жалғау сымын ажыратып алыңыз.



2) Ұстағышты сағат тілінің бағытына қарай бұрап (①) шығарып алыңызда, содан кейін үстіңгі топсаны жоғары көтеріп (②) шығарып алыңыз.




3) Тоңазытқыш камерасының есігін жоғары көтеріп шығарып алыңыз.



Тоңазытқышты өткізіңіз

Тоңазытқышты кіретін есіктен оң жақтағы суретте көрсетілгендей бір қырымен өткізіңіз.



Есікті ауыстыру

Есіктерді кіретін есіктен өткізіп алғаннан кейін шығарып алуға кері кезектілікпен құрастырыңыз

Қорек су құбырын жүргізу

Орнатар алдында

- Автоматты мұз генераторы 147~834 кПа (1,5~8,5 кгк/см$_2$) су қысымын қажет етеді (Яғни, бір рет пайдаланылатын қағаз стақан (180 текше см) 3 секунд ішінде толуы тиіс).
- Егер су қысымы атаулы 147 кПа (1,5 кгк/см$_2$) немесе одан төмен қысымға жетпесе, қалыпты түрде автоматты мұздату және салқын су беру үшін бөлек қысымды сорғы сатып алу қажет.
- Қорек су түтігінің жалпы ұзындығын 8 м шамасында сақтаңыз және түтіктің бүгілмеуіне мұқият болыңыз. Егер түтік 8 м немесе одан да ұзын болса, төгілетін судың қысымы салдарынан судың берілуі қиындауы мүмкін.
- Қорек су құбырын жылытылмайтын жерге орнатыңыз.


⚠ Ескерту

- Тек ауыз су құбырына ғана жалғаңыз.
- Орнату үшін су сүзгісі жинағының нұсқауларын қараңыз.

Биіктікті реттеу

Егер мұздатқыштың бөлімінің есігі тоңазытқыш камерасының есігінен төмендеу болса

Сол жақ биіктік реттеу бұрандасының саңылауына жалпақ (- түріндегі) бұрауышты кіргізіп, есікті теңгеріңіз де, сағат тілінің бағытына қарай (①) бұраңыз.



Сол жақ биіктік реттеу бұрандасы

Егер мұздатқыш камерасының есігі тоңазытқыш камерасының есігінен жоғарылау болса

Оң жақ биіктік реттеу бұрандасының саңылауына жалпақ (- түріндегі) бұрауышты кіргізіп, есікті теңгеріңіз де, сағат тілінің бағытына қарай (①) бұраңыз.



Сол жақ биіктік реттеу бұрандасы

Есік биіктігін теңгергеннен кейін

Тоңазытқыштың есіктері биіктік реттеу бұрандасын реттеп алдыңғы жағын жоғарылату арқылы кедергісіз жабылатын болады. Егер есіктер дұрыс жабылмаса, жұмыс істеуге әсерін тигізеді.


Одан кейін

1. Тасымалдау кезінде жинақталып қалған шаңдардың барлығын сүртіп, құрылғыны мұқият тазалаңыз.
2. Мұз кесектерін сақтайтын қорап, қақпақты буландыратын науа және т.б. сияқты керек-жарақтарын тиісті жерлеріне орнатыңыз. Олар тасымалдау кезінде болуы мүмкін зақымдардың алдын алу үшін бірге буып-түйілген.
3. Қорек сымын (немесе ашасын) розеткаға жалғаңыз. Бір розеткаға басқа құрылғыларды қоса жалғамаңыз.


Бастау

Тоңазытқыш алғаш рет орнатылған кезде ішіне балауса немесе мұздатылған азық-түліктерді салмастан бұрын қалыпты жұмыс температураларында 2-3 сағат бойы тұрақтандырып қойыңыз.
Егер жұмыс істету үзілсе, қайтадан іске қосар алдында 5 минут күтіңіз.

Температуралар мен функцияларды реттеу



Функционалдық көрсеткіш тақта



Дисплей қуатын үнемдеу режимі

ЕСКЕРТУ

- Моделіңізде опцияларыдың бәрі болмауы мүмкін.

Дисплей қуатын үнемдеу режимі

Бұл функция дисплейдің қуатын үнемдейді.

Дың еткен дыбыс шыққанша, FREEZER және EXPRESS FRZ батырмаларын бір уақытта басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз. Барлық ЖШД/СКД-тер қосылады, содан кейін өшеді. Қуат үнемдеу режимі іске қосылғанда, дисплей есікті келесі рет ашқанша өшірулі болады. Сосын есікті ашқанда немесе батырмалардың біреуін басқанда, ол қосылады және есік ашылғаннан немесе батырма басылғаннан кейін 20 секундқа қосылулы қалады. Қуат үнемдеу режимін өшіру үшін дың еткен дыбыс шыққанша, FREEZER және EXPRESS FRZ батырмаларын бір уақытта басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.

Мұздату камерасы мен тоңазыту камерасының температурасын реттеуіңізге болады.

Мұздатқышты басқару

Мұздату камерасы температураны реттеу



Тоңазытқышты басқару

Тоңазыту камерасы температураны реттеу



* Түйме басылған кезде баптама (Орташа) ➡ (Орташа күшті) ➡ (Күшті) ➡ (Әлсіз) ➡ (Орташа әлсіз) тәртібімен қайталанып отырады.

- Көрсетілген баптау температурасы тоңазытқыштың ішіндегі нақты температура емес, мақсатты температура болып табылатындықтан, нақты ішкі температура азық-түліктің күйіне қарай әр түрлі болады.
- Бастапқы уақытта тоңазыту функциясы әлсіз болады. Тоңазытқыш кемінде 2~3 күн пайдаланылғаннан кейін температураны жоғарыдағыдай реттеңіз.

Құю автоматын пайдалану

- Уатылған мұз, су және түйір мұздың біреуін таңдап алып, стақанмен немесе басқа ыдыспен басылмалы ауыстырып-қосқышты ақырындан итеріңіз.

Crushed ice (Уатылған мұз)


Таңдау түймесін басып уатылған мұзды көрсететін шамды жағыңыз.

Water (Су)

Таңдау түймесін басып суды көрсететін шамды жағыңыз.


Cubed ice (Түйір мұз)

Таңдау түймесін басып түйір мұзды көрсететін шамды жағыңыз.



- **Кеңес:** Мұз немесе су бөлінгеннен кейін шыныаяғыңызды екі секундтай ұстап тұрыңыз, сонда соңғы тамшылар төмен, шыныаяғыңызға құйылады.

Автоматты мұз жасағыш



- Автоматты мұз жасағыш бірден 6 текше мұзды, күніне 50-60 кесегін автоматты түрде жасайды. Бұл мөлшердің сыртқы температураға, есікті ашуға, мұздатқышқа азық-түлікті салуға байланысты өзгеруі мүмкін.
- Мұз сақталатын кәрзеңке толғанда, мұз жасау үдерісі тоқтайды.
- Егер сіздің автоматты мұз жасағышты қолданғыңыз келмесе, мұз жасағыш қосқышын ӨШІРУ күйіне қойыңыз. Егер сіздің автоматты мұз жасағышты қайтадан қолданғыңыз келсе, қосқышты ҚОСУ күйіне өзгертіңіз.

ЕСКЕРТУ

- Мұз сақталатын кәрзеңкеге мұз түскенде, шуылдың шығуы қалыпты жағдай.

ЕСКЕРТУ

- Қосулы кезде мұз жасағышқа қолыңызды салмаңыз. Бұл сізді жарақаттауы мүмкін.

Мұз генераторы біркелкі жұмыс істемеген кезде

Мұз түйірлері бір-біріне жабысып қалған кезде

- Мұз түйірлері бір-біріне жабысып қалған кезде мұз түйірлерін шелектен шығарып алып, кішкене кесек қылып сындырыңыз да, сосын оларды мұз сақтайтын шелекке қайтадан салып қойыңыз.
- Мұз генераторы тым ұсақ немесе бір-біріне жабысып қалған мұз түйірлерін жасайтын болса, мұз генераторына жіберілетін судың мөлшерін реттеу қажет. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

* Егер мұз жиі пайдаланылмайтын болса, олар бір-біріне жабысып қалуы мүмкін.

Электрдің өшуі

- Мұз мұздатқыш камерасына түсіп кетуі мүмкін. Мұз сақтайтын шелекті шығарып алып, ішіндегі мұздың барлығын босатып, сосын құрғатыңыз да, қайтадан орнына қойыңыз. Машина қайтадан қуат алғаннан кейін уатылған мұз автоматты түрде таңдалынады.

Құрылғы жаңадан орнатылған кезде


- Жаңадан орнатылған тоңазытқыштың мұздатқыш камерасында мұз жасалуы үшін 12 сағатқа жуық уақыт кетеді.

Тез мұздату

Жылдам мұздату үшін осы функцияны таңдап алыңыз.

- EXPRESS FRZ. пернені басқан сайын OFF-ON-OFF тізбегі қайталана береді.
- Меңзер белгісі, арнайы тоңазытуды қосқанда 4 рет жыпылықтаған соң, On ахуалында қала береді.





Ex) “On” таңдалған кезде


Ex) “Off” таңдалған кезде

- Белгіленген уақыт өткен соң тез мұздату функциясы автоматты түрде ажыратылады

Бұғаттау


Бұл түйме басқа түймелердің жұмысын тоқтатып тастайды.

- DISPENSER / CHILD LOCK 3SECS пернені 3 секундтан ұзағырақ басқан сайын Бұғаттау немесе Бұғатсыздау функциясының белгісі көрінеді.
- Lock пернені пайдаланғанда, бұғатсыздырылмағанша, өзге пернелердің ешқайсысы істемейді.



Ex) “LOCK” таңдалған кезде


Ex) Қайтадан “LOCK” таңдалған кезде



Фильтр ахуалын (ауыстыру уақытын) көрсету функциясы

- Диспенсерде су фильтірінің картриджін ауыстыру уақытын көрсететін шам бар.
- Су фильтірін әр алты ай сайын ауыстыру керек.
- Фильтір шамының жануы оның ауыстыру уақыты келгені туралы ескертеді.






- Фильтірді ауыстырған соң индикаторды қалпына келтіру үшін фильтр пернесін басып 3 секундтай ұстап тұрыңыз.

Диспенсердің шамы

Бұл батырма диспенсердің ішіндегі шамды жандырады және сөндіреді.

- Light/Filter батырмасын басқаннан диспенсердің шамы жанады немесе сөнеді.





Ex) “On” таңдалған кезде

Ex) “Off” таңдалған кезде

Қосымша функциялар

Ашық есікті ескерту

- Егер тоңазытқыштың есігі және үй барының есігі ашық немесе толық жабық қалғаннан кейін бір минут өтсе, 30 секунд сайын 3 рет дыбыстап ескертеді.
- Егер есікті жапқанның өзінде ескерту дыбысы тоқтамаса, жергілікті қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.

Диагностика (ақаулықтарды табу) функциясы

- Диагностика тоңазытқыштың пайдаланылу мерзімі ішінде құрылғыда ақаулық пайда болған кезде ақауды автоматты түрде табады.
- Егер құрылғыда ақаулық пайда болса, кез келген түйменің басылғанына және қалыпты көрсету жүзеге асырылмағанына қарамастан жұмыс істемейді. Мұндай жағдайда қоректі өшірместен дереу жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Егер құрылғы өшірілетін болса, ақаулы бөлшекті табу үшін қызмет көрсетуші маманның бірталай уақыты кетеді.

Мұздың/суық судың берілуі

Су тоңазытқыш камерасының ішіндегі су резервуарында сақтаулы тұрған кезде салқындатылып, сосын құю автоматына жіберіледі.
Мұз автоматты мұз генераторының ішінде дайындалып, құю автоматына уатылған немесе түйір мұз түрінде жіберіледі.

ЕСКЕРТУ

- Алғашқыда судың өте суық болмауы қалыпты жағдай. Егер сізге суығырақ су керек болса, стақанға мұз салыңыз.

Сақтандыру шаралары

Тоңазытқыш орнатылғаннан кейін алғашқы жасалған мұз (шамамен 20 кесек) бен суды (шамамен 7 стақан) төгіп тастаңыз.
Алғашқы мұз бен суда қорек су құбырынан немесе қорек су қорабынан шыққан ұсақ түйіршіктер немесе иіс болуы мүмкін. Бұл тоңазытқыш ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаған жағдайда қажет.

Балаларды құю автоматына жақын жолатпаңыз.
Балалар ауыстырып-қосқышты дұрыс баспауы немесе шамдарды зақымдауы мүмкін.

Мұз шығатын жолды азық-түлік жауып қалмауына мұқият болыңыз.
Егер азық-түлік мұз шығатын жолдың кіреберісіне қойылатын болса, мұз шықпауы мүмкін. Сондай-ақ, егер тек мұз сыныктары ғана пайдаланылатын болса, мұз шығатын жолды мұз тозаңдары қаптауы мүмкін. Мұндай жағдайда жинақталып қалған мұз тозаңдарын тазалап тастаңыз.

Тек салқындату мақсатымен ішімдіктердің қалбырларын немесе басқа азық-түліктерді еш уақытта мұз сақтайтын шелекке салушы болмаңыз.
Бұдан автоматты мұз генераторына зақым келуі мүмкін.

Мұз алу үшін еш уақытта жұқа хрусталь стақан немесе жанан (фаянс) ыдыс пайдаланушы болмаңыз.
Мұндай стақандар мен ыдыстар сынуы мүмкін.

Су немесе басқа ішімдіктер құяр алдында стақанға алдымен мұз салыңыз.
Егер ішінде сұйықтық бар стақанға мұз қосатын болса, су шашырауы мүмкін.

Мұз шығатын жерге еш уақытта қолмен немесе бақа аспаппен тиюші болмаңыз.
Бөлшек сынуы немесе қолыңыз зақымдануы мүмкін.

Мұз генераторының қақпағын еш уақытта орнынан қозғамаңыз.

Мұз сақтайтын шелек толық мұзға толу үшін кейде бетін тегістеп қойыңыз.
Мұз генераторға өте жақын үйіліп қалады. Осылайша, мұз сақтайтын шелек толық толған сияқты болады да, мұз жасау операциясы тоқтатылады.

Егер түсі бұзылған мұз шықса, пайдалануды тоқтатып, дереу қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Еш уақытта тым тар немесе шұңғыл стақан пайдаланбаңыз.
Мұз шығар жолда кептеліп қалып, осылайша тоңазытқышты ақау пайда болуы мүмкін.


Стақанды мұз шығатын жерден дұрыс арақашықтықта ұстаңыз.
Мұз шығатын жерге тым жақын ұстаған стақан мұздың шығуына кедергі жасауы мүмкін.

Қалпына келтіру орталығы (Тек кейбір моделдерге қолданылады)

Пайдалану тәсілдері


Қалпына келтіру орталығының есігін ашыңыз.

- Қалпына келтіру орталығының есігін тоңазытқыштың есігіне тиместен ашып, осылайша электр қуатын үнемдеуіңізге болады.
- Қалпына келтіру орталығының есігі ашылған кезде тоңазытқыш камерасындағы ішкі шам жанады. Осылайша ішіндегілерді оңай тауып аласыз.



Қалпына келтіру орталығының есігін тұғырық ретінде пайдаланыңыз

- Еш уақытта ever қалпына келтіру орталығының есігін тамақ турайтын тақтай ретінде пайдаланбаңыз және оның өткір аспаптармен зақымданбауына мұқият болыңыз.
- Еш уақытта қолмен таянбаңыз немесе үстінен күштеп баспаңыз.




Еш уақытта ішкі қалпына келтіру орталығының қақпағын шығармаңыз

- Қалпына келтіру орталығы қақпақсыз қалыпты жұмыс істей алмайды.



Еш уақытта қалпына келтіру орталығының есігінің үстіне ауыр заттар қоймаңыз немесе оған балаларды асылдырмаңыз.


- Қалпына келтіру орталығының есігі бұзылып қана қоймай, балалар да жарақаттануы мүмкін.



Сөре (Тек кейбір моделдерге қолданылады)

Сырғымалы сөре


Артқы жарты сөренің астындағы алдыңғы жарты сөрені жай ғана ішке қарай итеру арқылы галлондық ыдыс немесе бөтелкелер сияқты биік бұйымдарды сақтауыңызға болады.
Қайтадан бүтін сөре ету үшін өзіңізге қарай тартыңыз.




Шарап бөтелкесін ұстағыш (Тек кейбір моделдерге қолданылады)

Шарап бөтелкесін икемдеу (1-Түр)


Бөтелкелерді осы шарап бұрышында бір жаққа қисайтып сақтауға болады. Оны кез келген сөреге бекітіп қоюға болады.



Шарап бөтелкесін ұстағышын енгізген жағдайда :
Сөренің бүйір жағындағы ілу бөлігін ① көрсетілгендей жоғары қарай ұстап тұрып оған ① көрсетілгендей шарап бөтелкесін ұстағышты енгізгеннен кейін ② көрсетілгендей төмен қарай тартыңыз.




Шарап бөтелкесін ұстағышты ажыратқан жағдайда :
Шарап бөтелкесін ұстағышты ұстап алып, ④ көрсетілгендей ұстағаннан кейін оны ③ көрсетілгендей ішке қарай тартыңыз.




(2-Түр)

Бұл шарап қоятын сөреде шөлмектерді жатқызып сақтауға болады



Жұмыртқа қорабы (Тек кейбір моделдерге қолданылады)

Сақталатын азық түріне қарай, тиімді температура диапазонын таңдай аласыз.




ЕСКЕРТУ
- Еш уақытта жұмыртқа қорабын мұз сақтайтын шелек ретінде пайдаланбаңыз. Сынып қалуы мүмкін.
- Еш уақытта жұмыртқа қорабын мұздатқыш камерасында немесе қалпына келтіру орталығында сақтамаңыз.


Көкөніс сақтау бөліміндегі ылғалдылықты реттеу


Көкөністер мен жеміс-жидектер сақталып жатқан кезде ылғалдылықты реттейтін ауыстырып-қосқышты солға/оңға баптау арқылы ылғалдылықты реттеуге болады.

Жоғары ылғалдылық




Төмен ылғалдылық






Көкөніс немесе ет сақтайтын бөлімге айналдыру (Тек кейбір моделдерге қолданылады)


Тоңазытқыштың астыңғы тартпасын көкөніс немесе ет сақтайтын бөлімге айналдыруға болады



Көкөніс сақтайтын бөлім



Ет сақтайтын бөлім




Ет сақтайтын бөлім ет немесе балық ұзағырақ уақыт бойы бұзылмастан сақталуы үшін температураны тоңазытқыш камерасына қарағанда төменірек нүктеде сақтайды.

ЕСКЕРТУ

- Егер түрлендіру ауыстырып-қосқышы ет сақтайтын бөлімге қосылған болса, көкөністер немесе жеміс-жидектер қатып, үсіп қалады. Сондықтан, азық-түліктерді сақтар алдында оны міндетті түрде тексеріңіз.

Иіссіздендіргіш (Тек кейбір моделдерге қолданылады)

Бұл жүйе оптикалық өршіткінің көмегімен қатты, өткір иістерді нәтижелі түрде сіңіріп алады. Бұл жүйе сақтаулы түрған азық-түлікке ешқандай әсер тигізбейді.



Иіссіздендіру жүйесін пайдалану

- Бұл жүйе тоңазытқыш камерасынан келетін салқын ауаны жинау арнасында алдын-ала орнатылып қойғандықтан, оны бөлек орнатудың қажеті жоқ.
- Өткір иісті азық-түлікті сақтау үшін жабық ыдыс пайдаланыңыз. Әйтпесе, бұл иіс камераның ішіндегі басқа тамақтарға сіңіп қалуы мүмкін.

Көпфункциялы камера температурасына көшу бұрышы (тек қана кейбір модельдерде болады)


Пернені басу арқылы көкөністерді, жемістерді немесе ерітетін ет, шикі балық және басқалар сияқты азықтарды сақтаңыз.



Көпфункциялы камера (тек қана кейбір модельдерде болады)

Пайдалану тәсілі

Сақталатын азық түріне қарай, тиімді температура диапазонын таңдай аласыз.
- 3-деңгейлі температура таңдау функциясы бар: -3°C, -1°C және 4°C. Сақталатын азық түріне қарай, көкөністер/жемістер, арнайы дымқылдық қажет етіп төмен температурада сақталатын азықтар және ет пен балық құнақылығы молырақ түрде сақталына алады.




- Көпфункциялы камераны ет сақтау үшін пайдаланғанда, көкөністер мен жемістер қатып қалуы мүмкін.
- Көпфункциялы камераны ет сақтау үшін пайдаланғанда, ет пен балық іистеніп кетпеу үшін оларды F- камерасында сақтаңыз.
- R- камерасының есігі ашылғанда, шам таңдалған ахуалында жанып, есік жабылғанда, сөнеді.
- Selection (Таңдау) пернесін басқан сайын, (Көкөніс/Жеміс) → (арнайы дымқылдықта төмен температурада сақтау) → (Ет) тізбегі кезек-кезегімен қайталана береді.

Көпфункциялы камера (тек қана кейбір модельдерде болады)


Көпфункциялы камераны шығарғанда

- Біріншіден, көкөніс салатын қалтаны шағырыңыз.
- Көпфункциялы камераның сауытын сәл көтеріңкіреген (①)соң, ішіні қол тығып сыртқа суырып алыңыз (②).



Көпфункциялы камераны орнатқанда

- Көпфункциялы камераның сауытын сөреге (①) келтіріп, (②) қарай ақырын жылжытыңыз.
- Күш салса, қосу бөлшектері сынып кетуі мүмкін.



Азық-түліктердің орналасуы

("Бөлшектердің атауы" бөлімін қараңыз)

Шарап бөтелкесін ұстағыш

Шараптарды сақтаңыз.




Жеңіл тамақ тартпасы

Нан, тістеме және т.б. сияқты жеңіл тамақтарды сақтаңыз.

Мұздатқыш камерасының тартпасы

Ет, балық, балмұқ, мұғ жең тамақ жә т.б. сияқ ә түмұ азық-тү сақң.




Мұздатқыш камерасының есік сөресі

- Кішкене ораулы мұздатылатын азық-түлік сақтаңыз.
- Есік ашылған кезде температура жоғарылауы ықтимал. Сондықтан, балмұздақ, т.б. сияқты ұзақ сақталатын азық-түліктерді сақтамаңыз.




Мұздатқыш камерасының тартпасы

- Ет, балық, тауық еті, т.б. жұқа жылтыр қағазбен орап алып, сақтаңыз.
- Құрғақтай сақтаңыз.



Сүт өнімдерін сақтайтын бұрыш

Сары май, ірімшік т.б. сияқты сүт өнімдерін сақтаңыз.



Жұмыртқа қорабы

Жұмыртқа қорабын дұрыс жерге орналастырыңыз.


Қалпына келтіру орталығы

Ішімдіктер, т.б. сияқты жиі пайдаланылатын азық-түліктерді сақтаңыз.




Тоңазытқыш камерасының сөресі

Тамақтар мен басқа азық-түліктерді бір-бірінен тиісті арақашықтықта сақтаңыз.




Тоңазытқыш камерасының есік сөресі

Кішкене ораулы азық-түлік пен сүт, шырын, сыра, т.б. сияқты ішімдіктерді сақтаңыз.



Көкөніс тартпасы

Көкөністер немесе жеміс-жидектер сақтаңыз.



Көкөніс тартпасы/ет тартпасы түрлендіру бұрышы

Түрлендіру ауыстырып-қосқышын қажетінше икемдей отырып көкөніс, жеміс-жидектер, еттен бастап еріген, шикі балыққа дейін сақтаңыз Азық-түліктерді сақтар алдында түрлендіру ауыстырып-қосқышын міндетті түрде тексеріңіз.





Азық-түліктерді сақтау

- Тоңазытқыш камерасында бұзылмаған азық-түліктерді сақтаңыз. Азық-түліктің қалай мұздатылғаны немесе ерітілгені оның бұзылмастан және дәмі кетпестен сақталуының маңызды факторы болып табылады.
- Банан және қауын сияқты төмен температурада тез бұзылатын тамақтарды сақтамаңыз.
- Ыстық тамақты сақтар алдында суытып алыңыз, өйткені ыстық тамақты тоңазытқышқа қойған жағдайда басқа тамақтар бұзылып, көп энергия тұтынуына әкелуі мүмкін
- Тамақты сақтаған кезде оны винил орауышпен жабыңыз немесе қақпақты ыдысқа салып сақтаңыз. Бұл ылғалдың булануының алдын алып, тамақтың өз дәмі мен нәрлілігін сақтауына көмектеседі.
- Ауа желдету арналары тамақпен жабылып қалмасын. Салқын ауаның кедергісіз айналымы тоңазытқыш температурасын біркелкі сақтайды.
- Есікті жиі аша бермеңіз. Есікті ашқан кезде тоңазытқышқа жылы ауа кіріп, ішіндегі температура жоғарылайды.
- Есік сөресіне тым көп азық-түлік сақтамаңыз, өйткені олардың ішкі сөрелерге тірелуы салдарынан есік толық жабылмауы мүмкін.

Мұздатқыш камерасы

- Мұздатқыш камерасына бөтелкелер қоймаңыз – олар қатқан кезде сынып кетуі мүмкін.
- Еріген тамақты қайтадан мұздатпаңыз. Бұдан Тамақтың дәмі мен нәрлілігін жоғалтады.
- Балмұздақ сияқты мұздатылған тамақты ұзақ уақыт сақтаған кезде оны есіктің сөресіне емес, мұздатқыш сөресіне қойыңыз.
- Мұздатқыш бөлімінде суық азық-түліктерді немесе ыдыстарды, әсіресе металдан жасалғандарын, сулы қолмен ұстамаңыз және шыны бұйымдарды сақтамаңыз.
  - Сондықтан домбығуыңыз мүмкін және ішіндегі заттар қатқан кезде олар сынып, дене жарақатына әкеліп соғуы мүмкін.

Тоңазытқыш камерасы

- Ылғалды тамақты тоңазытқыштың үстіңгі сөрелеріне қоюдан сақ болыңыз, өйткені ол салқын ауаның тікелей әсерінен қатып қалуы мүмкін.
- Азық-түлікті әрдайым сақтар алдында тазалап алыңыз. Жақын қойылған тамақ бұзылмас үшін көкөністер мен жеміс-жидектерді жуып, сүрткен жөн, ал ораулы азық-түліктерді сүрткен жөн.
- Жұмыртқаларды тиісті сөресінде немесе қорабында сақтаған кезде олардың бұзылмағандығын қадағалаңыз және оларды әрдайым тігінен қойып сақтаңыз. Бұл оларды ұзағырақ уақыт бойы бұзбай сақтайды.

ЕСКЕРТУ


- Егер сіз тоңазытқышты ыстық әрі ылғалды жерге қойсаңыз, есікті жиі ашқан кезде немесе ішіне көп көкөніс сақтаған кезде ішінде шық түзілуі мүмкін. Бұл тоңазытқыштың жұмысына еш әсер етпейді. Шықты шаң сүртетін шүберекпен-ақ сүрте беріңіз.

Бөлшектеу

ЕСКЕРТУ
- Бөлшектеу құрастыруға кері кезектілікпен жасалады.
  Бөлшектер және құрастырар алдында қорек ашасын міндетті түрде ток көзінен ажыратыңыз.
  Бөлшектеген кезде еш уақытта күшке салмаңыз. Бөлшектер зақымдануы мүмкін.

Мұздатқыш камерасының шамы


Шамның қақпағын жеңіл ұрғылай отырып (①) және (②) айналдырып, шамды суырып ажыратыңыз (③). Шамды сағат тіліне кері бағытта бұраңыз. Тоңазытқышта ең жоғары 40 Вт шам пайдаланылады және оны қызмет көрсету орталығынан сатып алуға болады.



ЕСКЕРТУ
- Шамдардың барлық түрі тоңазытқышыңызға сәйкес келмейді. Көлемі, тұрпаты мен қуаты бір шаммен ауыстыруды ұмытпаңыз.
- Диспенсердің шамдары өзгертуге келмейтін ЖШД-тар болып табылады.


Мұздатқыш камерасының сөресі

Сөрені шығару үшін оны сол жаққа итеріп (②), сол жағын сәл көтеріп (①), оң жағын жоғары көтеріп (③), суырып алыңыз.




Есік сөресі мен таянышы

Есік сөресін екі жағынан ұстап (①), (②) бағытта суырып алыңыз.




Мұз сақтайтын шелек

Мұз сақтайтын шелекті оң жақтағы суретте көрсетілгендей ұстап, (①) кішкене көтеріңкіреп, суырып алыңыз (②).
- Қажеті болмаса, мұз сақтау науашасын шығармаңыз.
- Құлатып алмау үшін мұз сақтау наушасын екі қолмен ұстап шығарыңыз.




Құю автоматын пайдаланғаннан кейін

Су жиналатын астаушаның өздігінен ағып кететін функциясы жоқ. Оны үнемі тазалап тұру керек.
Су жиналатын астаушан жапқышының алдыңғы жағын тартып, жапқышты алыңыз да шүберекпен оны сүртіп құрғатыңыз.
Жапқышты алдына қарай толық тартып, (①) жапқыштың артқы жағын.



Тоңазытқыш камерасындағы шам

Аспапты белгіленген орынға (①) қондырып, ажырату үшін аспапты итеріңіз.
Ұшы жалпақ аспапты пайдаланыңыз, мысалы (-) бұрауыш.
Шамды сағат тіліне кері бағытта бұраңыз.
Тоңазытқышта ең жоғары 40 Вт шам пайдаланылады және оны қызмет көрсету орталығынан сатып алуға болады.



Қалпына келтіру орталығы


- Қалтаны (①) жоғары көтеріп ажыратыңыз.
- Қалпына келтіру орталығының жоғарғы сөресін ажыратып, содан кейін қалпына келтіру орталығының қақпағын тартып шығарып алыңыз (②).
- Қалпына келтіру орталығын жоғары қарай тартып шығарып алуға болады.



ЕСКЕРТУ
- Көкөніс сақтайтын бөлім, жеңіл тамақ тартпасы мен қалпына келтіру орталығының қақпағын шығарып алатын кезде тоңазытқыштың есігіндегі бөлшектерді міндетті түрде шығарып алыңыз.

Көкөніс сақтайтын бөлімнің қақпағы

Көкөніс сақтайтын бөлімнің қақпайтын шығарып алу үшін көкніс сақтайтын бөлімді аздап алға қарай тартып шығарып ① , көкөніс сақтайтын бөлімнің алдыңғы бөлігін ② көрсетілгендей көтеріңіз де, шығарып алыңыз.



Жалпы мәліметтер

Демалыс уақыты

Ұзақтығы орташа демалыс кезінде сіз тоңазытқышты жұмыс істеп тұрған күйінде қалдырып кетуді жөн көруіңіз мүмкін. Ұзағырақ сақтау үшін мұздатуға болатын бұйымдарды мұздатқышқа қойыңыз.
Сіз жұмыс істеуін тоқтатуды жоспарлаған жағдайда ішіндегі бар азық-түлікті шығарып, қорек сымын ажыратып, іш жағын мұқият тазалаңыз да, иіс түзілуін болдырмау үшін әрбір есікті АШЫҚ күйінде қалдырыңыз.

Электр жарығының өшуі

Бір-екі сағатта түзелетін электрмен қамсыздандырудағы үзілістердің көпшілігі тоңазытқыштың температурасына әсер етпейді.
Алайда, электр қорегі жоқ кезде есікті ашуды барынша азайтақыныңыз жөн.

Егер көшсеңіз

Тоңазытқыштың ішіндегі барлық бос бұйымдарды шығарып алыңыз немесе мықтап бекітіңіз.
Биіктік реттеу бұрандаларын зақымдап алмас үшін оларды негізгі бөлікке жинап қойыңыз.

Конденсатталуға қарсы құбыр

Тоңазытқыш камерасының ішкі камерасы кейде, әсіресе орнатыла салысымен жылып кетуі мүмкін.
Саспаңыз. Бұл – камераның сыртқы қабырғаларының “терлеуінің” алдын алу үшін ыстық тоңазытқышты айдайтын конденсатталуға қарсы құбырдан.

Тазалау

Жағымсыз иістерді болдырмау үшін тоңазытқышты таза ұстаған маңызды. Егер төгілген тамақ орнығып қалатын болса, пластик беттерді тотықтандырып, тот бастыруы мүмкін болғандықтан, оны дереу сүртіп алған жөн.

Сырт жағы

Тоңазытқыштың ұзақ пайдаланылатын бояулы беттерін тазалау үшін сабынның немесе жуу құралының жылымшы ерітіндісін пайдаланыңыз. Таза дылқыл шүберекпен сүртіп, содан кейін құрғатыңыз.

Іш жағы

Тұрақты түрде тазалап тұруға кеңес беріледі. Барлық бөлімдерді ас содасы ерітіндісімен немесе жұмсақ жуу құралымен және жылы сумен жуыңыз. Шайып, құрғатыңыз.

Тазалағаннан кейін

Қорек сымының зақымданбағанын, қорек ашасының қатты қызып кетпегенін немесе қорек ашасының розеткаға дұрыстап сұғылғанын тексеріңіз.

Ескерту

Әрқашанда электр бөлшектердің (шамдар, ауыстырып-қосқыштар, бақылау құралдары, т.б.) айналасын тазалар алдында қорек ашасмын ток көзінен шығарып алыңыз.
Су немесе сұйықтық кез келген электр бөлшекке түсіп, ток соғуына әкелмес үшін артық ылғалды ысқышпен немесе шүберекпен сүртіп алыңыз.
Кез келген бетке еш уақытта металл тазалағыш жастықшалар, щеткалар, қатты түрпілі тазалағыштар, күшті сілтілі ерітінділер, жанғыш немесе уытты тазалау сұйықтықтарын пайдаланушы болмаңыз.
Мұз қатқан беттерді сулы немесе дымқыл қолмен тимеңіз, өйткені дымқыл зат қатты суық беттерге жабысып қалады.

Ақауларды тауып, жөндеу

Көмек сұрар алдында осы парақты шолып шығыңыз. Бұл сіздің уақытыңызды да, қаржыңызды да үнемдеуі мүмкін.
Осы парақта бұл құрылғыдағы ақаулы бұйымдардан немесе материалдардан туындамайтын жалпы жағдайлар қамтылған.


Жағдай	Мүмкін себеп	Шешуі
Тоңазытқыштың жұмысы		
Тоңазытқыштың компрессоры жұмыс істемейді.	Тоңазытқыштың басқару жүйесі жұмыс істеп тұрған жоқ.	Тоңазытқыштың басқару жүйесін икемдеңіз. Басқару жүйесін икемдеу бөлімін қараңыз.
	Тоңазытқыш еру циклінде.	Толық автоматты еритін тоңазытқыш үшін бұл қалыпты жағдай. Еру циклі ауық-ауық іске қосылып тұрады.
	Қорек ашасы ток көзіне қосылмаған.	Ашаның розеткаға мықтап сұғылуын қамтамасыз етіңіз.
	Электрмен қамсыздандырудағы үзіліс. Үй ішіндегі жарықты тексеріңіз.	Жергілікті электрмен қамсыздандыру компаниясын шақырыңыз.
Тоңазытқыш тым көп немесе тым ұзақ жұмыс істейді	Тоңазытқыш сіздің бұрынғы құрылғыңыздан үлкенірек.	Бұл – қалыпты жағдай. Мұндай жағдайларда көлемі үлкенірек, қуаттылығы жоғарырақ құрылғылар ұзағырақ іске қосылып, жұмыс істейді.
	Бөлмедегі немесе сырттағы ауа ыстық.	Мұндай жағдайларда тоңазытқыштың ұзағырақ жұмыс істеуі қалыпты жағдай болып табылады.
	Тоңазытқыш жақында ұзақ мерзімге өшірілген.	Тоңазытқыш толығымен салқындауы үшін бірнеше сағат уақыт кетеді.
	Жақында жылы немесе ыстық тамақ көп мөлшерде сақталған болуы мүмкін.	Жылы тамақ керекті температураға жеткенше тоңазытқыш ұзағырақ жұмыс істейді.
	Есіктер тым жиі немесе тым ұзақ ашылады.	Тоңазытқышқа кіретін жылы ауаның салдарынан тоңазытқыш ұзағырақ жұмыс істейді. Есіктерді сирегірек ашыңыз.
	Тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың есігі аздап ашық тұруы мүмкін.	Тоңазытқыштың бір деңгейде тұруын қамтамасыз етіңіз. Азық-түліктер мен ыдыстар есікке тірелмесін. Проблемалар бөлігін қараңыз. Есіктерді АШУ/ЖАБУ.
	Тоңазытқыштың басқару жүйесі өте суық температураға қойылған.	Тоңазытқыштың температурасы жеткілікті болғанша тоңазытқыштың басқару жүйесін жылырақ температураға қойыңыз.
	Тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың тығыздағышы кірлеген, тозған, зақымданған немесе орнына дұрыс қондырылмаған.	Тығыздығышты тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. Есіктің тығыздағышындағы саңылаулардың салдарынан тоңазытқыш керекті температураларды сақтау үшін ұзағырақ жұмыс істейді.
	Термостат тоңазытқышты бір қалыпты температурада сақтайды.	Бұл – қалыпты жағдай. Тоңазытқыш температураны бір қалыпты сақтау үшін іске қосылып, өшіп тұрады.

Жағдай	Мүмкін себеп	Шешуі
Тоңазытқыштың компрессоры жұмыс істемейді.	Термостат тоңазытқышты бір қалыпты температурада сақтайды.	Бұл – қалыпты жағдай. Тоңазытқыш температураны бір қалыпты сақтау үшін іске қосылып, өшіп тұрады.
Температура тым суық		
Мұздатқыштағы температура тым суық, бірақ тоңазытқыштағы температура жеткілікті.	Мұздатқыштың басқару жүйесі тым суық температураға қойылған	Мұздатқыштың температурасы жеткілікті болғанға дейін мұздатқыштың басқару жүйесін жылырақ температураға қойыңыз.
Тоңазытқыштағы температура тым суық, бірақ мұздатқыш температурасы жеткілікті.	Тоңазытқыштың басқару жүйесі тым суық температураға қойылған.	Тоңазытқыштың басқару жүйесін жылырақ температураға қойыңыз
Тартпаларда сақтаулы азық-түліктерге мұз қатады.	Тоңазытқыштың басқару жүйесі тым суық температураға қойылған.	Жоғарыдағы шешімді қараңыз.
Ет тартпасында сақтаулы етке мұз қатады.	Ет бұзылмастан барынша ұзақ сақталуы үшін оны судың қату нүктесінен (32°F, 0°C) сәл ғана төмен температурада сақтаған жөн.	Еттің құрамында ылғал болатындықтан, мұз кристалдарының түзілуі қалыпты жағдай болып табылады.
Температура тым жылы		
Тоңазытқыштағы немесе мұздатқыштағы температура тым жылы.	Мұздатқыштың басқару жүйесі тым жылы температураға қойылған.	Мұздатқыштың немесе тоңазытқыштың температурасы жеткілікті болғанға дейін мұздатқыштың немесе тоңазытқыштың басқару жүйесін суығырақ температураға қойыңыз.
	Тоңазытқыштың басқару жүйесі тым жылы температураға қойылған. Тоңазытқыштың басқару жүйесі мұздатқыштың температурасына біраз әсер етеді.	Мұздатқыштың немесе тоңазытқыштың температурасы жеткілікті болғанға дейін мұздатқыштың немесе тоңазытқыштың басқару жүйесін суығырақ температураға қойыңыз.
	Есіктер тым жиі немесе тым ұзақ ашылады.	Есік ашылған кезде тоңазытқыштың/ мұздатқыштың ішіне жылы ауа кіреді. Есікті сирегірек ашыңыз.
	Есік аздап ашық тұр.	Есікті толық жабыңыз.
	Жақында жылы немесе ыстық тамақ көп мөлшерде сақталған болуы мүмкін.	Тоңазытқыш немесе мұздатқыш таңдап алынған температураға жету мүмкін болғанша күтіңіз.
	Тоңазытқыш жақында ұзақ мерзімге өшірілген.	Тоңазытқыш толық салқындау үшін бірнеше сағат уақыт керек.
Тоңазытқыштағы температура тым жылы, бірақ мұздатқыш температурасы жеткілікті.	Тоңазытқыштың басқару жүйесі тым жылы температураға қойылған.	Тоңазытқыштың басқару жүйесін суығырақ температураға қойыңыз.

Жағдай	Мүмкін себеп	Шешуі
Дыбыс және шуыл		
Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрғанда қатты дыбыс шығады.	Қазіргі тоңазытқыштарда сақтай сыйымдылығы арттырылған және температураларды тұрақтырақ сақтайды.	Дыбыс деңгейінің жоғары болуы қалыпты жағдай болып табылады.
Компрессор іске қосылғанда қатты дыбыс шығады.	ON (іске қосылу) циклі басталған кезде тоңазытқыш жоғары қысыммен жұмыс істейді.	Бұл – қалыпты жағдай. Тоңазытқыш жұмысын жалғастырға келе дыбыс басылады.
Дірілдеген немесе гүрілдеген шуыл.	Еден тегіс емес немесе әлсіз. Тоңазытқыш орнынан аздап жылжыған кезде дірілдейді.	Еденнің тегіс және қатты екенін және тоңазытқышты дұрыс тіреп тұра алатынын тексеріңіз.
	Тоңазытқыштың үстіне қойылған заттар дірілдеп тұр.	Заттарды шығарып тастаңыз.
	Тоңазытқыштың сөрелеріне қойылған табақтар дірілдеп тұр.	Табақтардың аздап дірілдегені қалыпты жағдай. Ыдыстарды аздап жылжытыңыз. Тоңазытқыштың бір деңгейде тұруын және еденге нық орнығуын қамтамасыз етіңіз.
	Тоңазытқыш қабырғаға немесе шкафтарға тиіп тұр.	Тоңазытқышты қабырғаға немесе тоңазытқышқа тимейтіндей етіп жылжытыңыз.
Тоңазытқыштың ішіндегі су/ылғал/мұз		
Тоңазытқыштың ішкі қабырғаларына ылғал жиналады.	Ауа мұз қырау түзілу және ішкі жақтың терлеу жылдамдығын арттыратындай ыстық және ылғалды.	Бұл – қалыпты жағдай.
	Есік аздап ашық тұр.	Проблема бөлігіндегі есіктерді ашу/жабуды қараңыз.
	Есік тым жиі немесе тым ұзақ ашылады.	Есікті сирегірек ашыңыз.
Тоңазытқыштың сыртындағы су/ылғал/мұз		
Тоңазытқыштың сыртында немесе есіктердің арасында ылғал түзіледі.	Ауа ылғалды.	Ылғалды ауада бұл қалыпты жағдай. Ылғалдылық төменірек болған кезде ылғал жоғалуы тиіс.
	Есік аздап ашық тұрып, тоңазытқыштың ішіндегі суық ауа сырттағы жылы ауамен араласуына себепші болып отыр.	Бұл жолы есікті толық жабыңыз.

Жағдай	Мүмкін себеп	Шешуі
Тоңазытқыштағы иістер		
	Іш жағын тазалау керек.	Ішкі жағын ысқышпен, жылы сумен және ас содасымен тазалаңыз.
	Тоңазытқышта өткір иісті тамақ бар.	Тамақты толық жабыңыз.
	Кейбір ыдыстар мен орау материалдарынан иіс шығады.	Басқа дыс немесе басқа маркалы орау материалдарын пайдаланыңыз.
Есіктерді/ тартпаларды ашу жабу		
Есіктер жабылмайды.	Тамақтың орауышы есіктің жабылуына кедергі болып тұр.	Есіктің жабылуына кедергі болып тұрған орауышты жылжытыңыз.
Есіктер жабылмайды.	Есік тым қатты жабылуынан басқа есік аздап ашық қалған.	Екі есікті де ақырындап жабыңыз.
	Тоңазытқыш бір деңгейде емес. Орнынан аздап жылжыған кезде дірілдейді.	Биіктік реттеу бұрандасын реттеңіз.
	Еден тегіс емес немесе әлсіз. Тоңазытқыш орнынан аздап жылжыған кезде дірілдейді.	Еденнің тегіс екенін және тоңазытқышты дұрыс тіреп тұра алатынын тексеріңіз. Еденнің ойпаттығын немесе еңкіштігін түзеу үшін ағаш ұстасына хабарласыңыз.
	Тоңазытқыш қабырғаға немесе шкафтарға тиіп тұр.	Тоңазытқышты жылжытыңыз.
Тартпалар оңай жылжымайды.	Тамақ тартпаның үстіндегі сөреге тиіп тұр	Тартпаға азық-түлікті азырақ салыңыз.
	Тартпа жылжиты жол кірлеген.	Тартпа мен сырғымалы жолды тазалаңыз.
Құю автоматы		
Құю автоматы мұз шығармайды	Мұз сақтайтын шелек бос.	Алғашқы дайындалған мұз шелекке түскен кезде құю автоматы жұмыс істеуі тиіс.
	Мұздатқыш жылы температураға қойылған.	Мұздатқыштың басқару жүйесін мұз кесектері жасалатындай жоғары баптамаға қойыңыз. Алғашқы дайындалған мұз шелекке түскен кезде құю автоматы жұмыс істеуі тиіс.
	Үйдегі су құбырының шүмегі жабық.	Үйдегі су құбырының шүмегін ашыңыз да, мұз жасалуға жетерліктей уақыт күтіңіз. Мұз жасалған кезде құю автоматы жұмыс істеуі тиіс.
	Тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың есігі жабылмаған.	Екі есіктің те жабық болуын қамтамасыз етіңіз.

Жағдай	Мүмкін себеп	Шешуі
Құю автоматы мұз шығармайды.	Сирек пайдалануға, температуралардың ауытқуларына және/немесе электр жарығының өшуіне байланысты мұз еріп, пышақтың айналасына қатып қалған.	Мұз сақтайтын шелекті шығарып алып, ішіндегілерді ерітіңіз. Шелекті тазалап, құрғатып сүртіңіз де, тиісті орнына қайта қойыңыз.Жаңадан мұз жасалған кезде құю автоматы жұмыс істеуі тиіс.
Мұз шығаратын автомат бітеліп қалған.	Мұз түйірлері мұз генераторының қалағы мен шелектің артқы жағының арасында жиналып қалған.	Құю автоматына кедергі келтіріп тұрған мұз түйірлерін алып тастаңыз.
	Мұз түйірлері бір-біріне жабысып қатып қалған.	Түйірлер бір-біріне жабысып қатпауы үшін құю автоматын жиі пайдаланыңыз.
	Құю автоматында сатып алынған немесе басқаша жолмен жасалған мұз түйірлері пайдаланылған.	Құю автоматының ішінде тек мұз генераторында жасалған мұз түйірлерін пайдаланған жөн.
Құю автоматы су шығармайды.	Үйдегі су құбырының шүмегі жабық. “Мұз генераторы мұз жасамайды.” бөлімін қараңыз	Үйдегі су құбырының шүмегін ашыңыз.
	Тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың есігі жабылмаған.	Екі есіктің де жабық болуын қамтамасыз етіңіз.
Судың әдеттен тыс дәмі және/ немесе иісі бар.	Су резервуарда тым ұзақ уақыт болған.	Суды жаңарту үшін 7 стақан су алып, төгіп тастаңыз. Резервуарды шайып тастау үшін қосымша 7 стақан су алып, төгіп тастаңыз.
	Құрылғы суық су құбырына дұрыс жалғанбаған.	Құрылғыны ас үйдегі су шүмегіне су жіберетін суық су құбырына жалғаңыз.
Мұз түскенде шығатын дыбыс	Бұл дыбыс әдетте автоматты түрде жасалған мұз ол сақталатын шелекке түскен кезде шығады. Дауыстың қаттылығы тоңазытқыштың орналасуына қарай әр түрлі болуы мүмкін.	
Су жіберілгенде шығатын дыбыс	Бұл дыбыс әдетте автоматты түрде жасалған мұз түсірілгеннен кейін мұз генераторына су келген кезде шығады.	
Басқа	Осы нұсқаулықтағы ‘Автоматты мұз генераторы және құю автоматы’ бөлімін мұқият оқып шығыңыз.	




Өздеріңіздің ескі аспаптарыңыздан құтылу

1. Егер қоқсық шелегі үстінен сызып тастаған мынандай белгі өнім бетінде ккрсетілген болса, онда бұл өнім 2002/96/EC Европалық нұсқауына кіреді деген сөз.
2. Барлық электірлік және электрондық өнімдер қалалық әкімшілік қоқыс шығару жүйесінен бөлек, үкіметпен немесе жергілікті басқару органдарымен тағайындалған арнайы жинаушы мекеме арқылы тасталуы тиіс.
3. Өздеріңіздің ескі аспаптарыңыздан дұрыс құтылу адам денсаулығы мен қоршаған айналаға тигізуі мүмкін зиянды әсерлерді болғызбауға себін тигізеді.
4. Өздеріңіздің ескі аспаптарыңыздан қалай құтылу керектігі жөнінде қосымша ақпаратты алу үшін, өздеріңіздің қала әкімшілігімен, қоқыс шығаратын қызмет мекемесімен, немесе осы өнімді сатып алған дүкенмен байланысыңыз.


ПАНЕЛДІ ауыстырған кезде…….

(Панелді ауыстырар алдында міндетті түрде оқыңыз.)

Панелдерді (A, B, C) ауыстырған кезде бұл операцияны орындау үшін білікті қызмет көрсетуші өкілге хабарласып, келесі маңызды қадамдарды орындаңыз.



1. Панелді зақымдап алмаңыз. Егер зақымданатын болса, дене жарақатына әкелуі мүмкін.
2. Панелдің материалы ретінде шыны пайдаланылған жағдайда шыңдалған әйнек пайдаланылуы тиіс. Жай шыны сынатын болса, дене жарақатына әкелуі мүмкін.
3. Ауыстырылатын Панелдердің (a, b, c) жалпы салмағы 15 кг аспауға тиіс. Егер салмағы асса, топсаның күші азайып, соның салдарынан есік салбырап кетуі, т.б. болуы мүмкін.
4. Жиектемедегі құрастырылған Панелдің қалыңдығы 3,2~3,5 мм.



5. Панелдің көлемі (Ені x Биіктігі)
   (A) панелі : 381,5 мм x 476,5 мм
   (B) панелі : 381,5 мм x 788,1 мм
   (C) панелі : 497,5 мм x 1661,7 мм

Тоңазытқышты пайдалану туралы сақтандыру

Есіктің әйнегін ауыстырған кезде алдыңғы есіктегі әйнек сынып, дене жарақатына әкелуі мүмкін. Сондықтан абайлап ұстаңыз.


ПАНЕЛДІ ауыстырған кезде…….

(Панелді ауыстырар алдында міндетті түрде оқыңыз.)

Панелдерді (A, B, C, D) ауыстырған кезде бұл операцияны орындау үшін білікті қызмет көрсетуші өкілге хабарласып, келесі маңызды қадамдарды орындаңыз.



1. Панелді зақымдап алмаңыз. Егер зақымданатын болса, дене жарақатына әкелуі мүмкін.
2. Панелдің материалы ретінде шыны пайдаланылған жағдайда шыңдалған әйнек пайдаланылуы тиіс. Жай шыны сынатын болса, дене жарақатына әкелуі мүмкін.
3. Ауыстырылатын Панелдердің (a, b, c, d) жалпы салмағы 15 кг аспауға тиіс. Егер салмағы асса, топсаның күші азайып, соның салдарынан есік салбырап кетуі, т.б. болуы мүмкін.
4. Жиектемедегі құрастырылған Панелдің қалыңдығы 3,2~3,5 мм.



5. Панелдің көлемі (Ені x Биіктігі)
   (A) панелі : 381,5 мм x 476,5 мм
   (B) панелі : 381,5 мм x 788,1 мм
   (C) панелі : 497,5 мм x 476,5 мм
   (D) панелі : 497,5 мм x 788,1 мм

Тоңазытқышты пайдалану туралы сақтандыру

Есіктің әйнегін ауыстырған кезде алдыңғы есіктегі әйнек сынып, дене жарақатына әкелуі мүмкін. Сондықтан абайлап ұстаңыз.



LG Electronics Inc.

LG Twin Tower, 20, Yoido-Dong,
Youngdungpo-Gu, Seoul, 150-721, Korea.
http://www.lge.com

P/NO : MFL38898104

Printed in Korea